

Мемлекеттік құпиялар туралы

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы N 349-І Заңы.

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйе", "электрондық ақпараттық ресурс", "электрондық-цифрлық нысанда", "ақпараттық жүйелерде", "электрондық ақпараттық ресурстар", "ақпараттық жүйелер" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйе", "цифрлық ресурс", "цифрлық нысанда", "цифрлық жүйелерде", "цифрлық ресурстар", "цифрлық жүйелер" деген сөздермен ауыстырылды – ҚР 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "шетелдіктердің", "шетелдіктерге", "шетелдіктер", "Шетелдіктер" деген сөздер тиісінше "шетел азаматтарының", "шетел азаматтарына", "шетел азаматтары", "Шетел азаматтары" деген сөздермен ауыстырылды – ҚР 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "құпиялар болып табылатын", "құпия болып табылатын", "құпиялары болып табылатын" деген сөздер тиісінше "құпияларды құрайтын", "құпияны құрайтын", "құпияларын құрайтын" деген сөздермен ауыстырылды – ҚР 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Осы Заң Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде мемлекеттік құпияларды қорғаудың құқықтық негіздері мен бірыңғай жүйесін айқындайды, мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызуға, оларды құпияландыруға, оларға билік етуге, оларды қорғау мен құпиясыздандыруға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

мемлекеттік құпиялар - таратылуын мемлекет жалпы қабылданған халықаралық құқық нормаларына қайшы келмейтін әскери, экономикалық, ғылыми-техникалық, сыртқы экономикалық, сыртқы саяси, барлаушылық, қарсы барлаушылық, жедел-ізвестірушілік және өзге де қызметті тиімді жүзеге асыру мақсатымен шектейтін, мемлекет қорғайтын мемлекеттік және қызметтік құпияларды құрайтын мәліметтер;

мемлекеттік құпияларға жатқызылған, қорғалып орындалған цифрлық жүйе – мемлекеттік құпияларды қамтитын ақпаратты жасауға, іздеуге, жинауға, өңдеуге,

жинақтауға, сақтауға, таратуға, бейнелеуге, пайдалануға және тұтынуға арналған, қолжетімділігі шектелген цифрлық жүйе;

мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қамтитын цифрлық ресурс – цифрлық нысанда берілген және электрондық жеткізгіште, мемлекеттік құпияларға жатқызылған, қорғалып орындалған цифрлық жүйелерде қамтылған ақпарат;

мемлекеттік құпия - жарияланған немесе жоғалған жағдайда Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін немесе нұқсан келтіруі мүмкін әскери, экономикалық, саяси және өзге де сипаттағы мәліметтер;

қызметтік құпия - мемлекеттік құпияның құрамына кіруі мүмкін, жарияланған немесе жоғалған жағдайда мемлекеттің ұлттық мүдделеріне, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдары мен ұйымдарының мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін жекелеген деректер сипаты бар мәліметтер;

құпиялылық белгісі - беру көзінің өзінде және (немесе) оған ілеспе құжаттамада көрсетілетін, беру көздерінде қамтылған мәліметтердің құпиялылық дәрежесін куәландыратын деректемелер;

мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге рұқсат ету - өкілетті лауазымды адамның рұқсатымен нақты адамды мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен таныстыру;

мемлекеттік құпияларға рұқсат ету - азаматтарға мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге рұқсат етілу, ал ұйымдарға - осындай мәліметтерді пайдалану арқылы жұмыс жүргізу құқығын ресімдеу рәсімі;

мәліметтер мен олардың көздерін құпияландыру - мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүдделерін көздеп, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер таратуды және олардың көздеріне рұқсат етуді шектеу жөніндегі шаралардың жиынтығы;

мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер көздері - мемлекеттік құпияларды құрайтын мәлімет нышандар, үлгілер, белгілер, техникалық шешімдер және процестер түрінде өз көрінісін табатын материалдық объектілер, оның ішінде физикалық өрістер;

мәліметтерді құпиясыздандыру - мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мүдделерін көздеп, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді таратуға және олардың көздеріне рұқсат етуге белгіленген шектеулерді алып тастау жөніндегі шаралардың жиынтығы;

мемлекеттік құпияларды қорғау жүйесі - мемлекеттік құпияларды қорғау органдарының, олардың мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді және солардың көздерін қорғауда пайдаланатын құралдары мен әдістерінің, сондай-ақ осы мақсатта жүргізілетін шаралардың жиынтығы;

мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғау құралдары - мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғауға арналған техникалық, криптографиялық, бағдарламалық және басқа да құралдар, олар іске асырылған құралдар, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды қорғаудың тиімділігіне бақылау жасау құралдары;

мемлекеттік құпияларды жария ету - мемлекеттік құпияларды олармен танысуға құқық берілмеген заңды және жеке тұлғаларға хабарлау, беру, табыс ету, жіберу, жариялау немесе кез-келген басқа әдістермен жеткізу;

мемлекеттік құпияларды жоғалту - мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің жоғалтылуы не ұрлануы салдарынан заңды иеленуден немесе пайдаланудан шығып қалуы, соның ішінде уақытша да шығып қалуы.

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 24.11.2015 № 419-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

2-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңдары

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға негізделеді және осы Заңнан және Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы қатынастарды реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2-1-бап. Мемлекеттік құпияларды қорғаудың мақсаты мен міндеттері

1. Мемлекеттік құпияларды қорғаудың мақсаты оларды жария ету және жоғалту қаупінен қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

2. Мемлекеттік құпияларды қорғаудың міндеттері мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік құпияларды қорғау жүйесін дамыту;

2) мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызуға, оларды құпияландыруға, оларға билік етуге, оларды қорғау мен құпиясыздандыруға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеу;

3) таратылуын шектеу Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне негізделген, құпияландыруға жататын мәліметтер тізбесін айқындау;

4) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер пайдаланылатын жұмысқа жіберілетін адамдар тобын айқындау;

5) мемлекеттік құпияларды қорғау әдістері мен құралдарын әзірлеу, ендіру, қолдану және жетілдіру.

Ескерту. 2-1-баппен толықтырылды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялары мен олардың көздеріне меншік құқығы

Мемлекеттік құпиялар мен мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтердің көздері Қазақстан Республикасының меншігі болып табылады.

4-бап. Мемлекеттік құпияларды қорғау органдары

1. Мемлекеттік құпияларды қорғау органдарына:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органы;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен оның органдары; мемлекеттік органдар мен ұйымдар, олардың мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі құрылымдық бөлімшелері жатады.

2. Мемлекеттік құпияларды қорғау органдары өздеріне жүктелген міндеттерге сәйкес және өз құзыреттері шегінде мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің қорғалуын қамтамасыз етеді. Мемлекеттік органдар мен ұйымдарда мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің қорғалуын ұйымдастыру үшін жауапкершілік олардың басшыларына жүктеледі. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшылары мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер пайдаланылатын жұмыстардың көлеміне қарай міндеттері Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес және олар жүргізетін жұмыстардың ерекшеліктерін ескере отырып, аталған басшылар белгілейтін мемлекеттік құпияларды қорғау жөнінде құрылымдық бөлімшелер құрады.

3. Мемлекеттік құпияларды қорғау мемлекеттік орган мен ұйымның негізгі қызметінің бір түрі болып табылады.

2-тарау. Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Құрылтайының, Үкіметінің, мемлекеттік органдары мен ұйымдарының мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы өкілеттігі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі

Қазақстан Республикасының Президенті:

- 1) мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы бірыңғай саясатты айқындайды;
- 2) мемлекеттік құпияларды қорғау жүйесінің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;
- 3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органды құрады, таратады және қайта ұйымдастырады;
- 4) Мемлекеттік органдардың мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызу жөнінде өкілеттік берілген лауазымды адамдарының тізбесін бекітеді;
- 5) Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде төтенше немесе әскери жағдай енгізген жағдайларда лауазымды адамдар мен азаматтарға мемлекеттік құпияларға рұқсат ету тәртібі осы кезеңге өзгертілуі мүмкін.

Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-бап. Қазақстан Республикасы Құрылтайының өкілеттігі

Ескерту. 6-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Қазақстан Республикасының Құрылтайы өз өкілеттігі шегінде:

- 1) мемлекеттік құпиялар саласындағы заңдарды қабылдайды, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 2) мемлекеттік құпияларды қамтамасыз ету мәселелері бойынша тыңдаулар өткізеді ;
- 3) Үкімет мүшесінің мемлекеттік құпияларды қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі есебін тыңдау нәтижелері бойынша оны қызметінен босату туралы Қазақстан Республикасының Президентіне өтініш қабылдайды.

Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңдарының орындалуын қамтамасыз етеді;
- 2) алып тасталды - ҚР 28.12.2017 № 128-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;
- 4) құпияландырылуға тиісті мәліметтердің ведомстволық тізбелерін әзірлеу тәртібін белгілейді;
- 5) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 6) мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі жұмыстарды материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету тәртібін айқындайды;
- 7) мемлекеттік органдар мен ұйымдарды Қазақстан Республикасының айрықша режимді, режимді және ерекше қорғалатын объектілері санатына жатқызу тәртібін бекітеді, сондай-ақ шетел азаматтарының болуы үшін уақытша жабық аумақтардың тізбесін бекітеді;

8) мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі бөлімшелерді ұйымдастыру, олардың жұмыс істеу және таратылу тәртібін белгілейді;

9) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді бірлесіп пайдалану мен қорғау туралы үкіметаралық келісімдерін жасайды, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етеді, шет мемлекеттерге және (немесе) халықаралық ұйымдарға мемлекеттік құпиялар мен олардың көздерін беру туралы шешім қабылдайды және оларды беру тәртібін белгілейді;

10) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді жария ету немесе жоғалту салдарынан Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне немесе мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мүдделеріне келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның, сондай-ақ мәліметтердің құпияландырылуы салдарынан олардың көздері иесіне келтірілген зиянның мөлшерін айқындау тәртібін белгілейді;

11) Қазақстан Республикасының азаматтарына оларға мемлекеттік құпияларға рұқсат етуге байланысты арнаулы тексеру жүргізу тәртібін бекітеді;

12) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

Ескерту. 7-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2017 № 128-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2020 № 344-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

8-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның құзыреті

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы бірыңғай саясатты жүзеге асырады және мынадай негізгі міндеттерді атқарады:

1) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 N 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

1-1) мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік құпияларды қорғаудың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес әзірлейді және бекітеді;

2) мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі құқықтық, әкімшілік, экономикалық, техникалық, бағдарламалық және криптографиялық шаралар жүйесін әзірлейді;

3) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 N 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

4) алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5) алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

6) алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

7) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді жария етудің немесе жоғалтудың салдарынан Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне немесе мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мүдделеріне келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның, сондай-ақ мәліметтердің құпияландырылуы салдарынан олардың көздері иесіне келтірілген зиянның мөлшерін айқындау тәртібін әзірлейді;

8) алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

9) алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

10) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 N 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

11) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 N 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

12) алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

13) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 8-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.01.2014 N 159-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2020 № 344-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

9-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен оның органдарының құзыреті

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен оның органдары:

1) мемлекеттік органдар мен ұйымдарда мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қарсы барлаудан қорғау жөніндегі шараларды әзірлеп, жүзеге асырады, сондай-ақ олардың аталған саладағы қызметін бақылап отырады;

1-1) мемлекеттік органдар мен ұйымдарда құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіреді және бақылайды;

1-2) мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі нормативтік және әдістемелік актілерді әзірлеу мен орындау мүддесінде мемлекеттік құпияларды қорғау органдарының қызметін үйлестіреді және бақылайды;

1-3) мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі құқықтық, әкімшілік, экономикалық, техникалық, бағдарламалық және криптографиялық шаралар жүйесінің Қазақстан Республикасының аумағында орындалуын бақылайды;

2) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге рұқсат етуге ресімделетін (қайта ресімделетін) Қазақстан Республикасының азаматтарына арнайы тексеру жүргізеді;

3) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес қызмет түрлерін лицензиялауды жүзеге асырады;

4) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғаудың техникалық, оның ішінде криптографиялық құралдарын сертификаттауды ұйымдастырады;

5) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдаланып жұмыс жүргізуге белгіленген тәртіппен рұқсат береді;

5-1) алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5-2) алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5-3) алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5-4) алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

6) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңдарын бұзуға байланысты қылмыстарды анықтайды, оларды тыяды, ашады және тергеу жүргізеді;

7) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.01.12 № 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 № 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.01.2014 N 159-V (

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10-бап. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілеттігі

Мемлекеттік органдар мен ұйымдар мемлекеттік құпияларды қорғау органдарымен өзара іс-қимылда:

- 1) құпияландырылуға тиісті мәліметтердің ведомстволық тізбесін әзірлейді;
- 2) олар әзірлеген мемлекеттік құпиялардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, оның ішінде ведомстволық бағынысты ұйымдарда да қорғалуын қамтамасыз етеді;
- 3) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді жария етудің немесе жоғалтудың салдарынан Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне немесе мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мүдделеріне келтірілген немесе келтірілуі мүмкін зиянның мөлшерін анықтау тәртібін әзірлеуге қатысады;
- 4) өздеріне басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдар берген мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің, сондай-ақ өздері құпияландырған мәліметтердің қорғалуын қамтамасыз етеді;
- 5) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалану арқылы жұмыс жүргізуге белгіленген тәртіппен рұқсат алады;
- 6) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғау құралдарына сертификаттар алады;
- 7) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 N 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 8) мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі жұмыстарды материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз етуге қатысады;
- 9) айрықша режимді, режимді және ерекше қорғалатын объектілердің санаттарын және оларды уақтылы қайта қарауды белгілейді;
- 10) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер алуға рұқсат етілетін азаматтарға қатысты тексеру шараларын жүргізуді өз құзыреті шегінде қамтамасыз етеді;
- 11) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 N 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 12) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау саласындағы басқа да мәселелерді шешеді.

Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.01.2014 N 159-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-тарау. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына жатқызылатын мәліметтер

11-бап. Қазақстан Республикасының әскери саладағы мемлекеттік құпияларына жатқызылатын мәліметтер

Әскери салада мемлекеттік құпияларға мына мәліметтер жатқызылады:

1) әскерлерді қолдану жоспарларын, жедел жоспарларды, жауынгерлік басқару құжаттарын, мемлекет қорғанысы жоспарының құжаттарын, әскерлерді жауынгерлік әзірліктің әртүрлі дәрежесіне келтіру жөніндегі құжаттарды ашатын мәліметтер;

2) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің стратегиялық өрістетілуі туралы мәліметтер;

3) әскерлердің дамуы, саны, жауынгерлік құрамы немесе мөлшері, олардың жауынгерлік даярлығы, сондай-ақ әскери-саяси және (немесе) жедел жағдайлары туралы мәліметтер;

4) әскерлердің жедел (жауынгерлік) даярлығының, қызметінің қамтамасыз етілуінің жай-күйін, әскерлерді басқару жүйесінің құрамын және (немесе) жай-күйін ашатын мәліметтер;

5) әскерлердің жұмылдырушылық өрістетілуі, адам және көлік ресурстарын жұмылдыруды жүргізу, жұмылдырушылық өрістетілуді басқару жүйесі туралы және (немесе) әскерлерді жеке құраммен жасақтаудың, қару-жарақпен, әскери техникамен және басқа да материалдық, қаржы қаражатымен, сондай-ақ әскери тасымалдаумен қамтамасыз етудің мүмкіндіктері туралы мәліметтер;

6) қару-жарақ пен әскери техниканы дамытудың бағыттарын, ұзақ мерзімді болжамдарын немесе жоспарларын, қару-жарақ пен әскери техниканың үлгілерін жасау немесе жаңғырту жөніндегі мақсатты бағдарламаларды зерттеу, тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды орындаудың мазмұнын немесе нәтижелерін, олардың тактикалық-техникалық сипаттамаларын ашып көрсететін мәліметтер;

7) қару-жарақ пен әскери техниканы әзірлеудің бағыттарын, оларды даярлаудың конструкциясын, технологиясын, изотоптық құрамын, жауынгерлік, физикалық, химиялық, немесе ядролық қасиеттерін қолдану немесе пайдалану тәртібін ашып көрсететін мәліметтер;

8) бактериялық немесе медициналық қорғау құралдарын (заттай түрде) шығару және (немесе) жеткізу жөніндегі өндірістік қуаттарды, жоспарлы немесе іс жүзіндегі деректерді ашатын мәліметтер;

9) қорғаныстық және экономикалық маңызы зор атом ғылымы мен техникасының немесе қару-жарақ пен әскери техниканың және (немесе) принципіне жаңа бұйымдар мен технологиялар жасау мүмкіндіктерінің сапасы жөнінен жаңа деңгейін анықтайтын жетістіктерін ашатын мәліметтер;

10) ракеталық отын, баллистикалық оқ-дәрі, әскери мақсаттағы жарылғыш заттар немесе жару құралдары, сондай-ақ қару-жарақ пен әскери техникаға арналған жаңа

құймалар, арнайы сұйықтар, отын өндірудің қасиеттерін, рецептурасын немесе технологиясын ашатын мәліметтер;

11) Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелеріне сәйкес ашық жариялауға жататын объектілердің тізбесіне кіргізілмеген әскерлердің орналасқан жерін, шынайы атауын, ұйымдық құрылымын, қару-жарағын, санын ашатын мәліметтер;

12) Қазақстан Республикасының инфрақұрылымын оның қорғаныс қабілеті мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде пайдалану туралы мәліметтер;

13) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттар бойынша міндеттемелеріне кірмейтін режимді объектілердің орналасқан жері, мақсаты, даярлық дәрежесі немесе қорғалуы туралы, аталған объектілерді салу үшін жер учаскелерін, жер қойнауларын немесе айдындарды таңдау, бөлу туралы, сондай-ақ бұл объектілерді жасау жөнінде жоспарланып немесе жүргізіліп отырған іздестіру, жобалау және өзге де жұмыстар туралы мәліметтер. Мемлекеттік өкімет органдарының арнаулы объектілеріне қатысты нақ сондай мәліметтер;

14) мемлекеттің қорғаныс қабілеті мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде Қазақстан Республикасының өзара ұштастырылған байланыс желілерін пайдалану немесе оларды дамытудың болашағы туралы мәліметтер;

15) магистралды қалааралық байланыс желілерінің, оның ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қорғаныс Министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті және Ішкі істер министрлігі жалға алатын запастағы байланыс тораптарының географиялық координаттарын қамтитын схемалары мен сипаттаулары бар олардың қуаттары туралы деректер көрсетілген жиынтық мәліметтер;

16) әскери немесе арнаулы мақсаттағы радиоэлектронды құралдармен радиожиіліктері белдеулерінің бөлінуін немесе пайдаланылуын ашатын мәліметтер;

17) байланыстың барлық түрлерінің, әскерлерді радиолокациялық, радиотехникалық қамтамасыз етудің ұйымдастырылуын немесе олардың жұмыс істеуін ашатын мәліметтер;

18) алып тасталды – ҚР 10.06.2026 № 301-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

19) қос мақсаттағы құралдарды, технологияларды дамытудың бағыттарын, бұл құралдарды, технологияларды жасау немесе жаңғырту жөніндегі нысаналы бағдарламаларды, ғылыми-зерттеу және (немесе) тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды орындаудың мазмұнын, нәтижелерін ашатын мәліметтер;

20) қос мақсаттағы құралдарды, технологияларды әскери мақсаттарда қолдану туралы мәліметтер;

21) Қазақстан Республикасының ғарыштық инфрақұрылымдарын оның қорғаныс қабілеті мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде дамытудың перспективалары туралы және (немесе) оларды пайдалану туралы мәліметтер;

22) мемлекеттің қорғанысы мен оның қауіпсіздігі мүдделерінде гидронавтиканы дамытудың жай-күйін және (немесе) бағыттарын ашып көрсететін мәліметтер.

Ескерту. 11-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2002.07.10 № 338; 10.06.2020 № 344-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2026 № 301-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

12-бап. Экономика, білім, ғылым және техника саласында Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына жатқызылатын мәліметтер

Экономика, білім, ғылым және техника саласында мыналар мемлекеттік құпияларға жатқызылады:

1) Қазақстан Республикасының экономикасын соғыс уақытында орнықты жұмыс істеуге дайындауды айқындайтын көрсеткіштер туралы мәліметтер;

2) ғылым мен техника саласында принципті жаңа бұйымдарды жасауға пайдаланылуы мүмкін ең жаңа жетістіктердің, экономиканың түрлі салаларындағы технологиялық процестердің мәнін ашатын, сондай-ақ жария болуы мемлекет мүддесіне залал келтіруі мүмкін қару-жарақтар мен әскери техника мүмкіндіктерінің, олардың жауынгерлік тиімділігін арттырудың сапалық жаңа деңгейін анықтайтын мәліметтер;

3) мемлекеттің қорғанысы мен қауіпсіздігі мүдделерінде жүргізілетін ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық немесе жобалық жұмыстардың мазмұнын және (немесе) бағыттарын ашатын мәліметтер;

4) мемлекеттің қауіпсіздігі мүддесінде жүргізілетін шараларды ашатын кадрларды даярлау немесе бөлу туралы мәліметтер;

5) гидрометеорология немесе гелиогеофизика саласындағы жұмыстардың нәтижелерін, сондай-ақ мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде жүргізілетін арнаулы геологиялық-геофизикалық зерттеулердің нәтижелерін ашатын мәліметтер;

6) мемлекеттік қорғаныс тапсырысының жоспарын (тапсырмасын), қару-жарақ пен әскери техниканы беру көлемін, оларды шығару жөніндегі өндірістік құжаттарды ашатын мәліметтер;

7) кәсіпорындардың кооперация жөніндегі байланыстары, қару-жарақ пен әскери техниканы әзірлеушілер немесе дайындаушылар туралы мәліметтер, егер бұл мәліметтер оларды шығару жөніндегі өндірістік қуаттар және (немесе) қару-жарақ пен әскери техниканың негізгі тактикалық-техникалық сипаттамасы туралы деректерді ашатын болса;

8) қару-жарақ пен әскери техниканы метрологиялық жағынан қамтамасыз етудің жай-күйін, әскери эталондардың техникалық немесе метрологиялық сипаттамаларын немесе қару-жарақ пен әскери техниканың сапалық жағынан жаңа деңгейін айқындайтын метрологиялық қамтамасыз ету құралдарын ашатын мәліметтер.

Стандарттауды дамытудың негізгі бағыттарын немесе бағдарламаларын, сондай-ақ әскери ұлттық стандарттардың мазмұнын ашатын мәліметтер;

9) Қазақстан Республикасындағы ғылыми-техникалық прогрестің болжамды бағалануын және оның мемлекеттің қорғаныс қабілетін айқындайтын бағыттар бойынша әлеуметтік-экономикалық салдарларын ашатын мәліметтер;

10) металлургия өнеркәсібінің сирек кездесетін металдарды немесе стратегиялық маңызы бар басқа да материалдарды өндіруі туралы мәліметтер;

11) Қазақстан Республикасы бойынша тұтас алғанда жер қойнауларындағы ресурстық әлеуетті, баланстық қорларын ашатын мәліметтер немесе пайдалы қазбалардың жекелеген түрлерін өндіру туралы деректер;

12) республикалық бюджеттің Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді (қорытылған көрсеткіштерден басқа) ашатын шығыстары туралы мәліметтер;

13) қару-жарак пен әскери техниканы жасау жөніндегі ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық жұмыстарға арналған шығындарды ашатын мәліметтер. Арнаулы объектілердің мүдделерінде жүргізілетін жұмыстарға қатысты нақ сондай мәліметтер;

14) қару-жарак пен әскери техникаға тапсырыс беруге, оларды әзірлеуге, өндіруге немесе жөндеуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ерекше режимдік, режимдік және ерекше қорғалатын объектілерін салуға, жөндеуге және күтіп-ұстауға арналған қаржыны немесе нақты шығындарды ашатын мәліметтер;

15) сыртқы берешектер бойынша жинақталған көрсеткіштерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен реттелмеген есеп айырысулары жөніндегі мәліметтер;

16) мемлекеттік органдар сметаларының жекелеген баптары бойынша әскерлерді ұстауға арналған ақша қаражатының шығыстарын ашатын мәліметтер;

17) Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының жаңа банкноттары мен монеттерін шығару және (немесе) оларды ауыстыру туралы мәліметтер, егер оларды ауыстыру шешім қабылданған күннен бастап және бұл мәліметтерді оларды айналысқа шығару туралы жариялау үшін бұқаралық ақпарат құралдарына берген кезге дейін банкноттар мен монеттерді (мерейтойлық және атаулы күндерге арналғандардан басқа) айналыстан алып тастауға әкеп соқтыратын болса;

18) мемлекеттік бағалы қағаздарды, құжаттарды қолдан жасаудан қорғаудың әдістері, сондай-ақ олардың түпнұсқалылығын айқындаудың әдістері туралы мәліметтер;

19) қару-жарак пен әскери техниканы дайындау (жөндеу) жөніндегі жұмылдыру қуаттары, бұл қуаттарды жасау және (немесе) дамыту (сақтау) туралы мәліметтер;

20) жаппай қолданылатын өнімдерді, шикізаттың, материалдардың стратегиялық түрлерін өндіру жөніндегі жұмылдырушылық қуаттар, осы қуаттарды жасау және (немесе) дамыту (сақтау) туралы мәліметтер;

21) индикациялау, газсыздандыру, халықты жаппай жою қаруларынан химиялық қорғау құралдарын немесе олар үшін жаңа сорбционды және басқа да материалдар жасау мақсатында жүргізілген жұмыстарды ашатын мәліметтер;

22) қорғаныстық немесе экономикалық маңызы зор топографиялық, геодезиялық немесе картографиялық қызметтердің нәтижелерін ашатын мәліметтер;

23) көлік желілерінің, көлік құралдарының жай-күйін, оларды әскери мақсаттар үшін жабдықтауды, дайындауды, әскери тасымалдардың көлемін және қару-жарақ пен әскери техниканы тасымалдау бағыттарын ашатын мәліметтер;

24) темір жолдардың жүктерді темір жолмен тасымалдауды қамтамасыз ету жөніндегі мүмкіндіктерін және (немесе) жұмылдыру резервтерін, әскери тасымалдауды ұйымдастыру мен олардың көлемін, энергетикалық, минералдық, ауыл шаруашылығы шикізаттарының, отындардың, материалдардың стратегиялық түрлерін, қару-жарактың немесе әскери техниканың жекелеген түрлерін тасымалдаудың көлемі мен тасымалдау бағыттарын, байланыс немесе басқару жүйелерін ұйымдастыруды және (немесе) олардың жұмыс істеуін, сондай-ақ темір жол қозғалысының қауіпсіздігі мен жүктердің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі арнаулы шараларды ашатын мәліметтер;

25) әскерлерді тиеу немесе түсіру пункттерінің орналасқан жерін, мамандануын, қуатын және (немесе) өткізу қабілетін, оларға азық-түлік, медициналық-санитариялық жағынан қызмет көрсету туралы деректерді ашатын мәліметтер;

26) көлік құралдарына, оның ішінде көліктің жекелеген түрлері бойынша жұмылдырушылық қажеттіліктерін және (немесе) олармен жұмылдырушылық жөнінен қамтамасыз етілуді ашатын мәліметтер;

27) Қазақстан Республикасы бойынша тұтас алғанда азаматтық қорғаныс күштерінің немесе құралдарының жай-күйін ашатын мәліметтер;

28) Қазақстан Республикасы экономикасының жұмылдырушылық жоспарын құрылымдық жағынан ұйымдастыруды немесе олардың көрсеткіштерін, сондай-ақ мемлекеттік органдардың немесе жекелеген ұйымдардың жұмылдырушылық дайындығының жай-күйін ашатын мәліметтер;

29) мемлекеттік материалдық резервтің нақты запастарын ашатын мәліметтер;

30) қару-жарақ пен әскери техника бұйымдарына, аса маңызды азаматтық өнімдерге арналған техникалық құжаттаманың, сондай-ақ қатері жоғары, халықтың тіршілік ету жүйелерін қамтамасыз ететін объектілерге және ұлттық игілік болып табылатын объектілерге арналған жобалық техникалық құжаттаманың сақтандыру қорының жасалуы мен сақталуын сипаттайтын мәліметтер, тұтас алғанда Қазақстан Республикасы бойынша техникалық құжаттаманың сақтандыру қорын сақтау объектілерін (базаларын) орналастыру туралы мәліметтер;

31) Қазақстан Республикасының өнеркәсібін жұмылдыруға дайындау және жұмылдыру саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарларын, мазмұнын немесе нәтижелерін ашатын мәліметтер;

32) Қазақстан Республикасының соғыс уақыты кезіндегі шет елдермен төлем балансын ашатын мәліметтер;

33) елді қорғау мүдделерінде пайдаланылуы мүмкін кен қазу орындары, табиғи үңгірлер, басқа да ғимараттар туралы мәліметтер, сондай-ақ темір жол тораптарының, стратегиялық және қорғаныстық маңызы бар объектілердің схемаларын ашатын мәліметтер;

34) қару-жарақты, әскери техниканы жасауға, өндіруге және (немесе) пайдалануға жағдай туғызатын, олардың күзетілетін параметрлерін ашатын физикалық-химиялық құбылыстар (өрістер) туралы мәліметтер;

35) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың күші қолданылатын және олармен алмасу көзделетін мәліметтер мен ашық көздерден немесе оларға еркін қол жеткізу арқылы алынуы мүмкін мәліметтерді қоспағанда, ядролық материалдар мен ядролық қондырғыларды физикалық қорғауды қамтамасыз ету туралы мәліметтер;

36) бюджет қаражаттары есебінен өткізілетін ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу кезінде пайдаланылатын тестілердің мазмұнын және олардың дұрыс жауаптарының кодтарын ашатын мәліметтер.

Ескерту. 12-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.04.02 № 541, 2007.07.27 № 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.02.03 № 248-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 12.01.2016 № 443-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.05.2020 № 332-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2020 № 344-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2022 № 173-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2026 № 301-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

13-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына жатқызылатын сыртқы саяси және сыртқы экономикалық салалардағы мәліметтер

Сыртқы саяси және сыртқы экономикалық салалардағы мемлекеттік құпияларға мыналар жатады:

1) Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының стратегиясы мен тактикасын ашып беретін сыртқы саясат, сыртқы сауда, ғылыми-техникалық байланыстар мәселелері жөніндегі, күні бұрын таратылуы мемлекеттің мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін мәліметтер;

2) егер жария еткен жағдайда олардың көзін анықтауға әкеп соғуы мүмкін бір немесе бірқатар шет мемлекеттерге қатысты сенім білдіру тәртібімен алынған саяси, әскери, ғылыми-техникалық немесе экономикалық мәселелер жөніндегі мәліметтер;

3) егер келіссөзге қатысушылардың пікірі бойынша бұл мәліметтерді жария ету тараптардың біреуі үшін дипломатиялық шиеленістерге әкеп соқтыруы мүмкін болса, Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілдері мен басқа мемлекеттердің өкілдері арасындағы халықаралық қатынастарда бірыңғай принципті көзқарас тұжырымдау жөніндегі келіссөздер туралы мәліметтер;

4) күні бұрын тарату Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілетіне, қауіпсіздігіне, саяси немесе экономикалық мүдделеріне зиян келтіру мүмкін халықаралық шарттарды әзірлеу, жасасу, олардың күшін жоюға дайындау, мазмұны немесе орындалуы туралы мәліметтер;

5) егер бұл мәліметтерді жария ету тараптардың біреуі үшін дипломатиялық шиеленістерге әкеп соқтыруы мүмкін болса, алушы елдері көрсетілетін қару-жарақтың, әскери техниканың немесе керек-жарақтардың экспорты мен импорты туралы мәліметтер, сондай-ақ шет мемлекеттерге қару-жарақты, әскери техника мен әскери объектілерді жасауға техникалық жәрдем, оның ішінде тегін көрсету туралы мәліметтер;

6) шет мемлекеттермен ерекше кезеңдегі экономикалық ынтымақтастықтың мәнін немесе көлемін, сондай-ақ ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің осы мәселелер жөніндегі сыртқы экономикалық ұйымдары әскери-жұмылдыру органдарының өзара іс-қимылын ашатын мәліметтер;

7) Қазақстан Республикасы мен ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің арасындағы есептік жылға арналған шикізатты, материалдарды, отынды, жабдықтарды, дәрі-дәрмектерді өзара беруді қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың немесе соңғыларына тұтас алғанда Қазақстан Республикасы бойынша есептік жылға арналған кәсіпорындар мен объектілерді салуға техникалық жәрдем көрсету жөніндегі шаралардың мазмұнын ашатын мәліметтер;

8) Қазақстан Республикасы мен ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің арасындағы жалпы Қазақстан Республикасы бойынша есептік жылға арналған экспорттық-импорттық жүктерді тасымалдау көлемін ашатын мәліметтер.

14-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына жатқызылатын барлау, қарсы барлау, жедел-ізвестіру қызметі мен өзге де қызмет саласындағы мәліметтер

Барлау, қарсы барлау, жедел-ізвестіру қызметі мен өзге де қызметтер саласындағы мемлекеттік құпияларға мыналар жатады:

1) барлау, қарсы барлау, жедел-ізвестіру қызметінің күштерін, құралдарын, көздерін, әдістерін, жоспарларын, жай-күйін, ұйымдастырылуын, қылмыстық істі дұрыс шешу үшін маңызы бар нақты деректер ретінде қылмыстық процесте пайдаланылмаған нәтижелерін ашатын мәліметтер, сондай-ақ барлау, қарсы барлау, жедел-ізвестіру қызметін қаржыландыру туралы деректер, егер олар тізбеленген мәліметтерді ашатын болса;

1-1) өздеріне қатысты қылмыстық процеске қатысушылардың жеке қауіпсіздігі шараларын қолдану туралы шешім қабылданған адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің күштерін, құралдарын, нысандарын, әдістерін және нәтижелерін ашатын мәліметтер, осы қызметті қаржыландыру туралы деректер, егер олар санамаланған мәліметтерді ашатын болса, сондай-ақ өздеріне қатысты "Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағы бірінші бөлігінің 6) және 7) тармақшаларында көзделген қауіпсіздік шаралары қолданылған адамдар туралы мәліметтер;

2) нақты адамдардың Қазақстан Республикасының барлау, қарсы барлау органдарының кадрлар құрамына қатыстылығын ашатын мәліметтер;

3) алып тасталды – ҚР 10.06.2026 № 301-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

4) сыртқы барлау саласында жүргізілетін жедел жұмылдыру жұмыстарының жай-күйі мен нәтижелерін ашатын мәліметтер;

5) Қазақстан Республикасының барлау, қарсы барлау немесе жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдарымен құпиялық негізде жұмыс істейтін (жұмыс істеген) адамдар туралы мәліметтер;

6) жедел жұмылдыру жұмысының жай-күйін, нәтижелерін, сондай-ақ шараларын ашатын мәліметтер;

7) радиоэлектрондық барлау, байланыс құралдары органдарының күштерін, құралдарын, әдістерін, жоспарларын, жай-күйі мен қызметінің нәтижелерін ашатын мәліметтер, сондай-ақ осы қызметті қаржыландыру туралы деректер, егер бұл деректер аталған мәліметтерді ашатын болса;

8) алып тасталды – ҚР 10.06.2026 № 301-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

9) алып тасталды – ҚР 10.06.2026 № 301-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

10) президенттік және үкіметтік байланыс, шифрланған, құпияландырылған, кодталған немесе арнаулы байланыстың өзге де түрлерінің жүйесі туралы мәліметтер және мемлекеттік шифрлар, кодтар, оларды талдаудың әдістері немесе құралдары, шифрлау, құпияландыру, кодтау құралдары туралы ақпарат;

11) Қазақстан Республикасы Президентінің және оның отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыру, оның күштері, құралдары және әдістері туралы, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы экс-Президенттерінің және олардың отбасылары мүшелерінің денсаулық жағдайы және жеке өмірі туралы мәліметтер;

12) басқа да күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыруды, оның күштерін, құралдарын немесе әдістерін ашатын мәліметтер;

13) ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі бөлімшелердің күштерін, құралдарын және әдістерін, сондай-ақ олар жүргізген жедел-ізвестіру және жедел-техникалық шараларды ашатын мәліметтер;

14) нақты адамдардың қылмыстық-атқару жүйесінің, экономикалық тергеу қызметінің, ұлттық қауіпсіздік органдарының, сондай-ақ ішкі істер органдарының жедел бөлімшелерінің кадрлық құрамына жататындығын ашатын мәліметтер;

15) Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі мүдделерін қозғайтын қылмыстық істер бойынша тергеу жүргізудің күштерін, құралдары мен әдістерін ашатын мәліметтер;

16) мемлекеттік құпияларды қорғауды ұйымдастыруды немесе оның іс жүзіндегі жай-күйін ашатын мәліметтер;

17) ақпараттарды рұқсат етілмей алудан, шетелдік техникалық барлаудан және техникалық арналар арқылы өтіп кетуден қорғау жөнінде жоспарланатын және (немесе) жүргізілетін шараларды ашатын мәліметтер;

18) арнайы мақсаттағы бөлімшелердің қызметкерлері, терроризмге қарсы операцияны жүргізуге, терроризм актісін анықтауға, оның алдын алуға, жолын кесуге және ашуға қатысатын және (немесе) жәрдемдесетін адамдар туралы және аталған адамдардың отбасы мүшелері туралы мәліметтер;

18-1) терроризмге қарсы операциялардың тактикасын, нысанын, әдістерін, құралдарын және оларға қатысушылар құрамын ашатын мәліметтер;

19) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қамтитын цифрлық ресурстар мен мемлекеттік құпияларға жатқызылған, қорғалып орындалған цифрлық жүйелер туралы мәліметтер.

Ескерту. 14-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2001.03.16 № 163, 2002.07.10 № 338, 2009.12.10 № 228-IV (қолданысқа енгізу тәртібін 2-б қараңыз), 2010.04.08 № 266-IV, 2012.04.23 № 14-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.12.2016 № 36-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 291-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.01.2023 № 188-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен

кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2025 № 153-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2026 № 301-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.06.2026 № 311-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

15-бап. Мәліметтерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына жатқызу тәртібі

1. Мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызуды мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызу жөнінде өкілеттік берілген мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының тізбесіне сәйкес мемлекеттік органдардың басшылары жүзеге асырады.

Аталған лауазымды адамдар басқаратын мемлекеттік органдарға өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтерге билік ету жөнінде өкілеттік беріледі.

2. Мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызу олардың салалық, ведомстволық немесе бағдарламалық-нысаналық тиістілігіне сәйкес жүзеге асырылады.

Басшыларына осы Заңның 11, 12, 13 және 14-баптары негізінде мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызу жөнінде өкілеттік берілген мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен құпияландыруға жататын мәліметтердің ведомстволық (салалық) тізбелерін әзірлейді. Аталған органдардың билік етуі жөнінде өкілеттік берілген мәліметтер осы тізбелерге енгізіледі және олардың құпиялылық дәрежесі белгіленеді. Қару-жарақтар мен әскери техниканың үлгілерін әзірлеу мен жаңғырту, ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстар жөніндегі нысаналы бағдарламалар шеңберінде аталған үлгілер мен жұмыстарға тапсырыс берушілердің шешімі бойынша құпияландыруға жататын мәліметтердің жекелеген тізбелері әзірленуі мүмкін. Бұл тізбелерді тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшылары бекітеді. Мұндай тізбелерді құпияландырудың орындылығы олардың мазмұнымен айқындалады.

3. Мәліметтерді құпияландырудың принциптеріне сәйкес мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызу қажеттілігінің негіздемесі осы мәліметтер алынған (әзірленген) мемлекеттік органдар мен ұйымдарға жүктеледі.

4. Мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызудың негізділігіне сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін. Сот мәліметтерді құпияландырудың негізсіздігі туралы шешім шығарған жағдайда бұл мәліметтер осы Заңда белгіленген тәртіппен құпиясыздандырылуға тиіс.

Ескерту. 15-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2011.01.10 № 383-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4-тарау. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтер мен олардың көздерін құпияландыру

16-бап. Мәліметтер мен олардың көздерін құпияландырудың принциптері

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтерді және олардың көздерін құпияландыру заңдылық, негізділік және уақтылығы принциптеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Заңдылық - құпияландырудың Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына сәйкестігін білдіреді.

Негізділік-қоғамның, азаматтар мен мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерінің тепе-теңдігін негізге ала отырып, нақты мәліметтерді құпияландырудың орындылығын, сол актінің болуы ықтимал экономикалық және өзге де салдарларын сараптамалық бағалау арқылы анықтау болып табылады.

Уақтылығы - осы мәліметтер алынған (әзірленген) кезден бастап немесе алдын ала олардың таратылуына шек қоюды көздейді.

17-бап. Құпияландыруға жатпайтын мәліметтер

1. Мынадай:

1) азаматтардың қауіпсіздігі мен денсаулығына қатер төндіретін төтенше жағдайлар мен апаттар және олардың салдарлары туралы, сондай-ақ дүлей зілзалалар, олардың ресми болжамдары мен салдарлары туралы;

2) денсаулық сақтау саласының, санитарияның, демографияның, көші-қонның, білім берудің, мәдениеттің, әлеуметтік қорғаудың, экономиканың, ауыл шаруашылығының жай-күйі туралы, сондай-ақ қылмыстық ахуал туралы;

3) терроризм актілерін жасау фактілері туралы;

4) экологияның, өрт қауіпсіздігінің жай-күйі туралы, сондай-ақ санитариялық-эпидемиологиялық және радиациялық жағдай, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы;

5) азаматтар мен ұйымдарға мемлекет беретін артықшылықтар, өтемақылар және жеңілдіктер туралы;

6) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзу фактілері туралы;

7) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтын-валюта резервінің мөлшерлері туралы;

8) Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ашатын мәліметтерді қоспағанда, республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатының қалыптастырылуы және жұмсалуды туралы;

9) Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ашатын мәліметтерді қоспағанда, республикалық және жергілікті бюджеттерден қаражаттың жұмсалуды бақылау туралы;

10) мемлекеттік органдардың және ұйымдардың, олардың лауазымды адамдарының заңдылықты бұзу фактілері туралы;

11) осы Заңның 14-бабында көзделген мәліметтерді қоспағанда, саяси, әлеуметтік және басқа да себептер бойынша жаппай қуғын-сүргін туралы, оның ішінде архивтегі мәліметтер құпияландырылмауға тиіс.

2. Аталған мәліметтерді құпияландыру туралы не оларды осы мақсатта мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің көздеріне енгізу туралы шешім қабылдаған лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады. Азаматтар мұндай шешімдерге сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 16.11.2015 № 404-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).
18-бап. Мәліметтердің құпиялылық дәрежелері мен бұл мәліметтер көздерінің құпиялылық белгілері

1. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің құпиялылық дәрежесі аталған мәліметтерді тарату салдарынан Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне немесе, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мүдделеріне келтірілген немесе келтірілуі мүмкін нұқсанның ауырлық дәрежесіне сәйкес келуге тиіс.

2. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің құпиялылық үш дәрежесі және осы дәрежелерге сәйкес көрсетілген мәліметтердің көздеріне арналған: "аса маңызды", "өте құпия" және "құпия" деген құпиялылық белгілері белгіленеді.

Мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерге "аса маңызды", "өте құпия" деген құпиялылық белгілері беріледі.

Қызметтік құпияны құрайтын мәліметтерге "құпия" деген құпиялылық белгісі беріледі.

Аталған құпиялылық белгілерін мемлекеттік құпияға жатқызылмаған мәліметтерді құпияландыру үшін пайдалануға, сондай-ақ көрсетілген мәліметтерге өзге де шектеу белгілерін беруге жол берілмейді.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 10.06.2026 № 301-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

19-бап. Қазақстан Республикасы азаматтарының, мемлекеттік органдары мен ұйымдарының мәлімет көздерінің құпияландырылуына байланысты оларға меншік құқығы

1. Мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызу жөнінде өкілеттік берілген лауазымды адамдар, егер бұл мәліметтер осы Заңның 11, 12, 13 және 14-баптарында немесе құпияландыруға жататын мәліметтердің ведомстволық (салалық) тізбесінде аталған болса, мәліметтерді және азаматтар мен ұйымдардың (бұдан әрі - мәліметтер көздерінің меншік иесі) иелігіндегі олардың көздерін құпияландыру туралы шешім қабылдауға құқылы. Аталған мәлімет көздерін құпияландыру мәліметтер көздері

иесінің және осы мәліметтер мен олардың көздері қарауына көшетін мемлекеттік органдар мен ұйымдардың арасындағы осы мәліметтерді иеліктен айыру туралы шарт негізінде жүзеге асырылады.

2. Шартта:

мәлімет көздерінің құпияландырылуына байланысты оның иесінің құқықтарын шектеуге төленетін өтемақының мөлшері;

мәлімет көздері иесінің аталған мәліметтерді жария етпеу жөніндегі міндеттемесі айтылады.

Мәлімет көздерінің иесі иеліктен айырылудан бас тартқан жағдайда бұл мәліметтер соттың шешімі бойынша, иесіне иеліктен шығарылған мәліметтердің құны оларды иеліктен шығару жөніндегі шығындар шегеріле отырып өтеліп, еріксіз иеліктен шығарылуға жатады, сөйтіп оған Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді жария еткені үшін жауаптылығы ескертіледі.

3. Мәлімет көздерінің меншік иесі лауазымды адамдардың оның құқықтарына нұқсан келтіретін әрекеттеріне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқылы. Сот лауазымды адамдардың әрекеттерін заңсыз деп таныған жағдайда, мәлімет көздерінің меншік иесіне келтірілген нұқсанды өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот шешімімен айқындалады.

4. Егер мәліметтер Қазақстан Республикасының заңдары бұзылмай алынса (әзірленсе), шетел азаматтарына, азаматтығы жоқ адамдарға және шетелдік ұйымдарға тиесілі мәліметтер мен олардың көздеріне меншік құқығын шектеуге болмайды.

Ескерту. 19-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.06.2020 № 351-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

20-бап. Мәліметтер мен олардың көздерін құпияландырудың тәртібі мен мерзімдері

1. Мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен азаматтардың қызметтерінің басқару, өндірістік, ғылыми және өзге де түрлерінің нәтижесінде алынған (әзірленген) мәліметтерді құпияландыру үшін олардың мемлекеттік органдар мен ұйымдарда қолданылып жүрген құпияландырылуға тиісті мәліметтер тізбесіне сәйкес келуі негіз болып табылады. Бұл мәліметтерді құпияландыру кезінде олардың көздеріне құпиялылықтың тиісті белгісі беріледі.

2. Алынған (әзірленген) мәліметтерді қолданылып жүрген тізбелердегі мәліметтермен бірдей ету мүмкін болмаған жағдайда, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың лауазымды адамдары, азаматтар алынған (әзірленген) мәліметтерді құпиялылықтың жорамалды дәрежесіне сәйкес алдын ала құпияландыруды қамтамасыз етуге және бір ай мерзімде тиісті тізбені бекіткен лауазымды адамның мекен-жайына оны толықтыру (өзгерту) жөнінде ұсыныс жіберуге міндетті.

Тізбені бекіткен лауазымды адамдар келіп түскен ұсыныстарға үш айдың ішінде сараптамалық баға беруді ұйымдастыруға және қолданылып жүрген тізбені толықтыру (өзгерту) немесе мәліметтерге алдын ала берілген құпиялылық белгісін алып тастау жөнінде шешім қабылдауға міндетті. Мәліметтер мен олардың көздерін құпияландыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді құпияландыру мерзімі отыз жылдан аспауға тиіс. Айрықша жағдайларда бұл мерзім Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның қорытындысы бойынша ұзартылады.

Ескерту. 20-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.07.27 № 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

21-бап. Мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтер көздерінің деректемелері

Ескерту. 21-бап алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-тарау. Мәліметтер мен олардың көздерін құпиясыздандыру

22-бап. Мәліметтерді құпиясыздандырудың негіздері

1. Мәліметтерді құпиясыздандыру үшін:

Қазақстан Республикасында мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді ашық алмасу жөнінде Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелер қабылдауы;

объективті мән-жайлар өзгеріп, соның салдарынан мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді одан әрі қорғаудың мәні болмауы;

осы Заңның 11, 12, 13 және 14-баптарында белгіленген Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын Мәліметтер тізбесінің өзгеруі;

мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді құпияландыру мерзімінің аяқталуы ;

жедел-іздістіру, қарсы барлау қызметінің нәтижелерін қылмыстық процесте пайдалану қажеттігі негіздер болып табылады.

2. Басшыларына мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызу жөнінде өкілеттік берілген мемлекеттік органдар мен ұйымдар дүркін-дүркін, бірақ кемінде әрбір бес жылда осы органдар мен ұйымдарда қолданылып жүрген, құпияландыруға жататын

мәліметтер тізбесінің мазмұнын мәліметтерді құпияландырудың негізділігі мен олардың бұрын белгіленген құпиялық дәрежесіне сәйкес келуі бөлігінде қайта қарауға міндетті.

3. Мемлекеттік органдар мен ұйымдарда қолданылып жүрген құпияландыруға жататын мәліметтер тізбесін өзгерту құқығы оларды бекіткен, мәліметтерді құпиясыздандыру жөнінде өздері қабылдаған шешімдердің негізділігі үшін дербес жауап беретін басшыларға беріледі. Аталған басшылардың құпияландырылуға жататын мәліметтердің тізбесін өзгертуге байланысты шешімдері Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісілуге тиіс.

Ескерту. 22-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2001.03.16 № 163; 28.12.2016 № 36-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

23-бап. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің көздерін құпиясыздандырудың тәртібі

1. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің көздері оларды құпияландыру кезінде белгіленген мерзімдерден кешіктірмей құпиясыздандырылады. Егер мемлекеттік органда немесе ұйымда олар құпияландырылған кезде негізге алынған, қолданылып жүрген ережелер өзгерсе, көздер бұл мерзімдер біткенге дейін құпиясыздандырылуға тиіс.

Айрықша жағдайларда мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің көздерін құпияландырудың бастапқыда белгіленген мерзімдерін ұзарту құқығы белгіленген тәртіппен өздері тағайындаған мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссияның қорытындысы негізінде мемлекеттік органдар мен ұйымдардың тиісті мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызу жөнінде өкілеттік берілген басшыларына беріледі.

2. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшыларына өздеріне бағынатын лауазымды адамдар негізсіз құпияландырған мәліметтердің көздерін құпиясыздандыру жөнінде өкілеттік беріледі.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік мұрағаттарының басшыларына қорды құрушы ұйым немесе оның құқықтық мұрагері оларға мұндай өкілеттік берген жағдайда, бұл мұрағаттардың жабық қорларында сақтаулы тұрған Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтердің көздерін құпиясыздандыру жөнінде өкілеттік беріледі. Қорды құрушы ұйым таратылған және оның құқықтық мұрагері болмаған жағдайда мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің көздерін құпиясыздандыру тәртібі туралы мәселені Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган қарайды.

3. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің көздерін құпиясыздандыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2026 № 301-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

24-бап. Қазақстан Республикасы азаматтарының, мемлекеттік органдары мен ұйымдарының мәліметтерді құпиясыздандыру туралы сауалдарын орындау

1. Азаматтар, мемлекеттік органдар мен ұйымдар Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарына Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына жатқызылған мәліметтерді құпиясыздандыру туралы сауал салуға құқылы.

2. Мұндай сауал алған мемлекеттік органдар мен ұйымдар, оның ішінде мемлекеттік мұрағаттар да оны бір айға дейінгі мерзімде қарап, салынған сауалдың мәні бойынша дәлелді жауап қайтаруға міндетті. Егер олардың сауал салынған мәліметтерді құпиясыздандыру туралы мәселені шешуге құқығы болмаса, сауал осындай өкілеттік берілген мемлекеттік органға не Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға беріледі, ол туралы сауал салған азаматтарға, мемлекеттік органдар мен ұйымдарға хабарланады.

3. Азаматтардың, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың салған сауалдарын орындау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 24-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-тарау. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтерге билік ету

25-бап. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді беруі

1. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер беруді осы Заңның 15-бабына сәйкес осы мәліметтерге билік ететін мемлекеттік органның рұқсатымен, бағыныстылық қатынаста тұрмайтын және бірлескен жұмыстар атқармайтын мемлекеттік органдар мен ұйымдар жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге сауал салушы мемлекеттік органдар мен ұйымдар бұл мәліметтерді қорғауды қамтамасыз ететін жағдай жасауға міндетті. Олардың басшылары мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен танысу жөнінде белгіленген тәртіптің сақталуы үшін дербес жауап береді.

Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді мемлекеттік органдар мен ұйымдарға беруге арналған міндетті шарт олардың осы Заңның талаптарын орындауы болып табылады.

3. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

26-бап. Бірлескен құпия жұмыстарды орындауға байланысты мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді беру

Ескерту. 26-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Ұйымдарға немесе азаматтарға бірлескен құпия жұмыстарды орындауына байланысты мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер беруді осы Заңның 15-бабына сәйкес тиісті мәліметтерге билік ететін мемлекеттік органның рұқсатымен және осы жұмыстарды орындау үшін қажетті көлемде ғана осы жұмыстарға тапсырысшы жүзеге асырады. Бұл орайда тапсырысшы мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер берілгенге дейін ұйымда тиісті құпиялылық дәрежесіндегі мәліметтерді пайдалану арқылы жұмыстар жүргізуге арналған рұқсаттың, ал азаматтарда - тиісті рұқсаттың болуына көз жеткізуге міндетті.

2. Ұйымдар бірлескен құпия жұмыстарды жүргізуі (мемлекеттік тапсырыстар алуы) және осыған байланысты мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдаланудың қажеттігі туындаған кезінде басқа ұйымдармен олардың мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі құрылымдық бөлімшелерінің қызметтерін пайдалану туралы шарттар жасаса алады, ол туралы екі уағдаласушы тараптың мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалана отырып жұмыс жүргізуге рұқсаттарына тиісті белгі қойылады.

Бірлескен құпия жұмыстарды жүргізуге арнап белгіленген тәртіппен жасалған шартта тараптардың жұмыстарды жүргізу процесінде де, олар аяқталғаннан кейін де мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі өзара міндеттемелері, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғау жөніндегі жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) қаржыландыру шарттары көзделеді.

3. Бірлескен құпия жұмыстарды жүргізу кезінде мемлекеттік құпиялардың қорғалуын бақылауды ұйымдастыру тараптар жасасқан шарттың ережелеріне сәйкес осы жұмыстардың тапсырысшысына жүктеледі.

Бірлескен құпия жұмыстардың барысында атқарушы өзіне алған мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі міндеттемелерін бұзған жағдайда тапсырысшы жолсыздықтар жойылғанға дейін тапсырысты орындауды тоқтата тұруға, ал міндеттеме қайталап бұзылған жағдайда - мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалана отырып жұмыстар жүргізуге арналған тапсырыс пен рұқсаттың күшін жою

туралы және кінәлі адамдарды жауапқа тарту туралы мәселе қоюға құқылы. Бұл орайда атқарушының тапсырысшы арқылы мемлекетке келтірген материалдық зияны Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өндіріліп алынуға тиіс.

4. Бірлескен құпия жұмыстарды орындауға байланысты мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Ескерту. 26-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

27-бап. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді шет мемлекеттерге және (немесе) халықаралық ұйымдарға беру тәртібі

Ескерту. 27-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Мемлекеттік органдар мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді шет мемлекетке және (немесе) халықаралық ұйымға беру туралы шешім қабылдау үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға осы Заңның 15-бабына сәйкес мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерге билік ету жөнінде өкілеттік берілген мемлекеттік органмен келісіп, дәлелді ұсыныс енгізеді.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бұл мәліметтерді берудің мүмкіндіктері мен орындылығы туралы сараптамалық қорытынды шығарады.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтерді шет мемлекетке және (немесе) халықаралық ұйымға беру туралы шешімді, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның сараптамалық қорытындысы болған кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

4. Қабылдаушы тараптың өзіне берілетін мәліметтерді қорғау жөніндегі міндеттемесі онымен жасалатын шартта көзделеді.

5. Алып тасталды – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 27-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7-тарау. Мемлекеттік құпияларды қорғау

28-бап. Құқық қатынастары субъектілерінің меншік нысандары мен міндеттері өзгерген кезде мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғау

1. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге билік ететін мемлекеттік органдар мен ұйымдар өздерінің міндеттері, меншік нысандары өзгерген, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер пайдаланылатын жұмыстар таратылған немесе тоқтатылған жағдайларда, бұл мәліметтер мен олардың көздерін қорғауды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдануға міндетті. Бұл орайда мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің көздері жойылады, мұрағатқа сақтауға тапсырылады не белгіленген тәртіппен:

егер бұл құқықтық мұрагердің аталған мәліметтерді пайдалану арқылы жұмыстар жүргізуге өкілеттігі болса, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге билік ететін мемлекеттік органның немесе ұйымның құқықтық мұрагеріне;

осы Заңның 15-бабына сәйкес билігінде тиісті мәліметтер бар мемлекеттік органға;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның шешімі бойынша басқа мемлекеттік органға немесе ұйымға беріледі.

2. Құқық қатынастары субъектілерінің меншік нысандары мен атқаратын қызметтері өзгерген кезде мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Ескерту. 28-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

29-бап. Қазақстан Республикасының лауазымды адамдарына, азаматтарына, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға мемлекеттік құпияларға рұқсат ету

Ескерту. 29-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Қазақстан Республикасының лауазымды адамдары мен азаматтарына, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға мемлекеттік құпияларға рұқсат ету:

мемлекеттің алдында өздеріне сеніп тапсырылған, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді жарияламау жөнінде жазбаша міндеттеме қабылдауын;

осы Заңның 32-бабына сәйкес өз құқықтарының ішінара, уақытша шектелуіне келісімін;

өкілетті органдардың оларға қатысты тексеру шараларын жүргізуіне жазбаша келісімін;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялары туралы оны бұзғаны үшін жауаптылық көзделетін заңдармен таныстыруды;

мемлекеттік орган немесе ұйым басшысының ресімделуші адамға мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге рұқсат ету туралы шешім қабылдауын көздейді.

Тексеру шараларының көлемі ресімделуші адамға рұқсат етілетін мәліметтің құпиялық дәрежесіне байланысты болады.

Әкімшілік пен ресімделуші адамның өзара міндеттемелері мемлекеттік құпияларға рұқсат ету туралы шартта көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың мемлекеттік құпияларға рұқсат ету Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес ресімделгенге дейін осындай рұқсат етудің тиісті нысанын талап ететін қызметіне жол берілмейді.

2. Лауазымды адамдар мен азаматтарға мемлекеттік құпияларға рұқсат етудің мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің үш құпиялық: ерекше маңызды, өте құпия немесе құпия дәрежелеріне сәйкес келетін үш нысаны белгіленеді. Лауазымды адамдар мен азаматтардың неғұрлым жоғары дәрежедегі мәліметтерге рұқсатының болуы құпиялық дәрежесі одан төменірек мәліметтерге рұқсат етуге негіз болып табылады.

3. Лауазымды адамдар мен азаматтарға мемлекеттік құпияларға рұқсат етілуін ресімдеудің немесе қайта ресімдеудің мерзімдерін, мән-жайларын және тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

4. Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға мемлекеттік құпияларға Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын іске асыру шеңберінде ғана рұқсат етіледі. Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына рұқсат ету тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Ескерту. 29-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.15 № 253; 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

30-бап. Қазақстан Республикасының лауазымды адамына немесе азаматына мемлекеттік құпияларға рұқсат етуден бас тарту үшін негіздер

1. Қазақстан Республикасының лауазымды адамына немесе азаматына мемлекеттік құпияларға рұқсат етуден бас тартуға:

оны соттың әрекетке қабілетсіз, әрекетке қабілеті шектеулі деп тануы, онда заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған қасақана қылмыс жасағаны үшін соттылығының болуы;

денсаулық сақтау саласындағы өкілеттікті жүзеге асырушы мемлекеттік орган бекіткен тізбеге сәйкес онда мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалану арқылы жұмыстар жүргізу үшін медициналық тұрғыдан қарсы дәлелдемелердің болуы;

оның өзінің шетелде тұрақты тұруы және оның басқа мемлекетте тұрақты тұруға кету үшін құжаттарды ресімдеуі;

тексеру шараларының нәтижесінде ресімделуші адамның Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіретін іс-әрекеттерінің анықталуы;

Қазақстан Республикасы лауазымды адамының және (немесе) азаматының Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасында белгіленген шектеулерді қабылдамауы;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақтың жетінші абзацына өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 12.06.2026 № 311-VIII (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін үш жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Заңымен.

лауазымды адам немесе мемлекеттік қызметші активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны тапсырмаған адамды жұмысқа қабылдағаны үшін алғаш рет әкімшілік жауаптылыққа тартылған жағдайды қоспағанда, мемлекеттік құпияларға рұқсат ету ресімделгенге дейін үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жаза қолданылуы;

сыбайлас жемқорлық қылмыс жасауы;

ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін онда сотталғандығының болуы немесе Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтары немесе 36-бабы негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылуы;

қылмыстық топ құрамында қылмыс жасауы;

азаматтың тексеру шараларынан жалтаруы;

осы Заңның 31-бабының 1-тармағы бірінші бөлігінің екінші абзацында көзделген талаптарды сақтамауы;

осы тармақта көрсетілген мәліметтерді ұсынбауы немесе бұрмалауы негіз болып табылады.

2. Лауазымды адамға немесе азаматқа мемлекеттік құпияларға рұқсат етуден бас тарту туралы шешімді жеке тәртіппен тексеру шараларының нәтижелерін ескере отырып, мемлекеттік органның немесе ұйымның басшысы қабылдайды.

3. Лауазымды адамның немесе азаматтың бұл шешімге Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқығы бар.

Ескерту. 30-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.06.2020 № 351-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

31-бап. Қазақстан Республикасының лауазымды адамына немесе азаматына мемлекеттік құпияларға рұқсат етуді тоқтату шарттары

1. Қазақстан Республикасының лауазымды адамына немесе азаматына мемлекеттік құпияларға рұқсат ету ұйым басшысының шешімі бойынша:

оның өзіне алған мемлекеттік құпияларды қорғауға байланысты мемлекеттік құпияларға рұқсат ету туралы шартта көзделген міндеттемелерді бұзуы;

осы Заңның 30-бабына сәйкес лауазымды адамға немесе азаматқа мемлекеттік құпияларға рұқсат етуден бас тарту үшін негіз болып табылатын мән-жайлардың пайда болуы жағдайларында тоқтатылады.

Қазақстан Республикасының лауазымды адамы немесе азаматы осындай тоқтату орын алғаннан кейін бес жыл өткен соң бас тартуға негіздер болмаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік құпияларға қайтадан жіберілуге құқылы.

2. Лауазымды адамға немесе азаматқа мемлекеттік құпияларға рұқсат етуді тоқтату әкімшіліктің бастамасы бойынша онымен еңбек шартын, келісімшартты бұзу, оны лауазымнан шеттетуге немесе жұмыстан шығару үшін қосымша негіздеме болып табылады.

3. Мемлекеттік құпияларға рұқсат етудің тоқтатылуы лауазымды адамды немесе азаматты мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді жарияламау жөніндегі олар алған міндеттемелерден босатпайды.

4. Ұйым басшысының лауазымды адамға немесе азаматқа мемлекеттік құпияларға рұқсат етуді тоқтату және осының негізінде онымен еңбек шартын, келісімшартты бұзу, оны лауазымнан шеттетуге немесе жұмыстан шығару туралы шешіміне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

Ескерту. 31-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.15 № 253, 2009.12.07 № 222-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 29.06.2020 № 351-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

32-бап. Рұқсат етуді ресімдеу кезеңінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларға рұқсат етілген немесе бұрын рұқсат етілген лауазымды адамның немесе азаматының құқықтарын шектеу

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларға рұқсат етілген немесе бұрын рұқсат етілген лауазымды адамы немесе азаматы өзінің құқықтары жөнінен уақытша шектелуі мүмкін.

Шектеу:

мемлекеттік құпияларға рұқсат ету туралы шартта көзделген мерзімге Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге (оның ішінде тұрақты тұрғылықты жерге) шығу құқығына;

мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтері бар жаңалықтар мен өнертабыстарын пайдалану және мұндай мәліметтерді тарату құқығына;

мемлекеттік құпияларға рұқсат етуді ресімдеу кезеңінде тексеру шаралары жүргізілген кезде жеке өміріне қол сұғылмаушылық құқығына қатысты болуы мүмкін.

Ескерту. 32-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.15 № 253; 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

33-бап. Қазақстан Республикасының лауазымды адамына немесе азаматына мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге рұқсат ету

1. Қазақстан Республикасының лауазымды адамына немесе азаматына мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге рұқсат етуді ұйымдастыру мемлекеттік органның немесе ұйымның басшысына, сондай-ақ олардың мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі құрылымдық бөлімшелеріне жүктеледі. Лауазымды адамға немесе азаматқа мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге рұқсат ету тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшылары лауазымды адам немесе азамат мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен өздерінің лауазымдық (қызметтік) міндеттерін орындауы үшін қажет болатын және сондай көлемде ғана танысатын жағдай жасау үшін дербес жауапты болады.

3. Еңбек шарты, келісімшарт бұзылған, жұмыстан шығарылған (отставкаға кеткен) немесе мемлекеттік құпияларға рұқсат етуге қатысы жоқ лауазымға ауысқан кезде Қазақстан Республикасының лауазымды адамына немесе азаматына мемлекеттік құпияларға рұқсат ету тоқтатылады.

Ескерту. 33-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.15 № 253; 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

34-бап. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалану арқылы жүргізілетін жұмыстарға рұқсат беру

Ұйымдардың мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалануға, мемлекеттік құпияларды қорғау құралдарын жасауға, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды қорғау жөнінде шаралар өткізумен және (немесе) қызмет көрсетумен байланысты қызметі Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен оның органдары беретін рұқсат негізінде жүзеге асырылады.

Рұқсат ұйымдарға арнаулы сараптама жасаудың және олардың басшыларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен жүзеге асырылатын аттестаттаудың нәтижелері негізінде беріледі.

35-бап. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғау құралдарын сертификаттау

Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғау құралдарының Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен берілетін, олардың тиісті құпиялылық дәрежесіндегі мәліметтерді қорғау жөніндегі талаптарға сәйкес келетіндігін куәландыратын сертификаты болуға тиіс.

36-бап. Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі шараларды қаржыландыру

1. Мемлекеттік мекемелердің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен, ал қалған ұйымдарда – мемлекеттік құпияларды

құрайтын мәліметтерді пайдалануға байланысты жұмыстарды орындау кезінде олардың негізгі қызметінен алынатын қаражаттың есебінен жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі шараларды жүргізуге бөлінетін қаржы қаражатының жұмсалуына бақылау жасауды мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшылары, жұмыстардың тапсырысшылары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің арнайы уәкілдік берілген өкілдері жүзеге асырады. Егер бұл бақылауды жүзеге асыру мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге рұқсат етілуге байланысты болса, аталған адамдардың тиісті құпиялылық дәрежесіндегі мәліметтерге рұқсаты болуға тиіс.

Ескерту. 36-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

37-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік

1. Мемлекеттік құпиялар туралы заңдарды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының лауазымды адамдары, азаматтары, сондай-ақ шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

2. Азаматтардың, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың осы Заңның қолданылу аясындағы құқықтары мен мүдделерін қорғау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 37-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.15 № 253; 29.06.2020 № 351-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 23.12.2023 № 51-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

38-бап. Халықаралық шарттар және Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын қорғау

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*